

«НЕК компаниясы 2006» ЖШС
кредиторлар жиналысының хаттамасы.

Өткізілген уақыты 14.04.2017 жыл.
Алматы қ.

Қатысушылар:

1. Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өкілі – Бекжан Қасымжанұлы. Кредиторлық берешек 489692278 теңге, оның ішінде негізгі борыш 258886343 теңге.

2. «НЕК компаниясы 2006» ЖШС уақытша басқарушысы – Н.А.Какитаев. Дауыс беру құқығы бар кредиторлардың 100% жиналысына қатысып отыр. Жиналыс төрағасы болып-Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өкілі сайланды.

Дауыс беру: жақтап 258886343 дауыс, қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

Жиналыстың күн тәртібі төмендегідей болып бекітілді:

1. Банкроттық басқарушының кандидатурасын таңдау.
2. Кредиторлар комитетін құру туралы мәселе.
3. Мүлікі түгендеу туралы.
4. Банкроттық және уақытша басқарушының негізгі сыйақы төлемін белгілеу
5. Өзге мәселелер.

Күн тәртібі:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Бекжан Қасымжанұлы уәкілетті органда тіркелген тұлғалар ішінен банкроттықты басқарушының кандидатурасы Нурлан Арневич Какитаев таңдалсын» деп, ұсынысын айтты.

Кредиторлар жиналысының шешімі:

Уәкілетті органда тіркелген тұлғалар ішінен банкроттық басқарушының кандидатурасы Н.А.Какитаев болып таңдалсын.

Дауыс беру: жақтап 258886343 дауыс, қарсы жоқ, қалыс жоқ.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша уақытша басқарушы Н.А.Какитаев сөз сөйледі:

Алматы қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 02.03.2017 жылғы шешімімен «НЕК компаниясы 2006» ЖШС банкрот деп танылды. «НЕК компаниясы 2006» ЖШС-нің бүгінгі күнге жалғыз кредиторы - Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті. ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 27 бабына сай кредиторлар комитеті құрылуға тиіс және оған Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті өкілі ұсынылды.

Сонымен бірге, уақытша басқарушы «НЕК компаниясы 2006» ЖШС кредиторлар комитетінің регламентін бекітуді ұсынды.

Кредиторлар жиналысының шешімі:

1. Кредиторлар комитеті Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті құрамынан құрылысын.

2. ҚР «Оңалту және банкроттық туралы» заңына сай «НЕК компаниясы 2006» ЖШС кредиторлар комитетінің регламенті бекітілсін.

Дауыс беру: жақтап 258886343 дауыс, қарсы жоқ, қалыс жоқ.

3. Мүлікі түгендеу туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша уақытша басқарушы Н.А. Какитаев сөз сөйледі.

Уәкілетті тіркеуші мемлекеттік органдарға сұрау жіберіп, алынған жауап төмендегідей:

1) Алматы қ. әділет департаменті (18.01.2017 ж) жауабы бойынша жалғызмайтын мүлкі тіркелмегендігі жөнінде;

2) ҚР ІІМ ӘПК жауабы бойынша (18.01.2017ж) көліктер құралдарының тіркелуі туралы мәліметтердің жоқ екендігін хабарлады;

3. ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті 17.01.2017 жылғы жауабында мемлекеттік кеме кітаптарында және тізілімдерінде өзен және шағын көлемді кемелері, сонымен қатар темір жол жылжымалы құрамының мемлекеттік тізілімінде көлік құралдары тіркелмегендігі туралы хабарлады.

4. Индустриалдық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті сұрауға мүліктер мен қауіпті техникалар тіркелмегенін хабарлады.

5. Алматы қ. ауыл шаруашылық басқармасының мәліметі бойынша «НЕК компаниясы 2006» ЖШС меншігінде ауыл шаруашылық және басқада техникалардың тіркелмегенін хабарлады.

Занды мекен жайында «НЕК компани 2006» ЖШС іздеу барысында орналаспағаны анықталды. Банкрот директоры Алдыбек УУЛУ Анарбек кәсіпорынның ешбір құжат тарын беруді қамтамасыз етпеді.

«НЕК компани 2006» ЖШС атында ешбір мүлік бүгінгі таңға анықталмауына байланысты, мүліктік масса жинақталмады. Мүліктік тізілім жасалынбады.

Кредиторлар жиналысының шешімі:

1. Уақытша басқарушының мүлікі түгендеу туралы есебі назарға алынсын.

Дауыс беру: жақтап 258886343 дауыс, қарсы – жоқ, қалыс- жоқ.

4. Банкроттық және уақытша басқарушының негізгі сыйақы көлемін белгілеу

Уақытша басқарушы Н.А. Какитаев уақытша және банкроттықты басқарушылардың негізгі сыйақысының уәкілетті орган белгілеген шегінде төлеуге жататын мөлшерін кредиторлар жиналысы айқындайтындығын атап өтті.

Банкроттық туралы іс қозғалған күні активтері жоқ бұрынғы бойынша уақытша және банкроттық басқарушыға негізгі сыйақысы өз міндеттерін орындауының бүкіл кезеңі үшін ай сайын 1 ең төменгі жалақы көлемінде белгіленеді. Банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды өтеу туралы өтінішхат бойынша Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті «НЕК Компани 2006» ЖШС банкроттық туралы іс қозғауға және банкроттық рәсімін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды өтеуді өз міндетіне алады.

Кредиторлар жиналысының шешімі:

1. Уақытша және банкроттық басқарушыға ай сайын төленетін сыйақы ҚР бойынша ең төменгі жалақы көлемінде яғни 24459 тенге болып белгіленсін.

Дауыс беру: жақтап 258886343 дауыс, қарсы – жоқ, қалыс- жоқ.

Осымен кредиторлар жиналысы өзінің алғашқы жұмысын аяқтады.

«НЕК компаниясы 2006» ЖШС кредиторлар
Жиналысының төрағасы:

Б. Қасымжанұлы

«НЕК компаниясы 2006» ЖШС -
уақытша басқарушысы

Н.А. Какитаев